

Ақмола облысының прокуратурасы бос лауазымға ішкі байқау жариялайды

19.03.2020 - 16:00 **Конкурс түрі:** Конкурс на занятие вакантных должностей Сотрудника органа прокуратуры

Ақмола облысының прокуратурасы

бос лауазымға ішкі байқау жариялайды

(прокуратура органдары қызметкерлері арасында)

облыс прокуратурасы үкімдердің орындалуын қадағалау жөніндегі Басқарма басшысы **C-OGP-4 (1 бірлік)**

Конкурсқа қатысушыларға біліктілік талаптар:

- 1) прокуратура органдарында бес жылдан, оның ішінде Бас прокуратураның орталық аппаратында, ҚСЖАЕАК/Бас прокуратураның облыстық органдарында, ҚСЖАЕАК екі жылдан кем емес еңбек өтілінің немесе басшы лауазымдарда бір жылдан кем емес,
- 2) немесе құқық қорғау органдарындағы лауазымдарда сегіз жылдан, оның ішінде басшы лауазымдарда екі жылдан кем емес қызмет өтілінің болуы,
- 3) немесе мемлекеттік қызметте тоғыз жылдан, оның ішінде басшы лауазымдарда төрт жылдан кем емес,
- 4) немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда он жылдан, оның ішінде басшы лауазымдарда бес жылдан кем емес жұмыс өтілінің болуы.

Еңбек ақы төлеу шарты мен көлемі қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленеді (айлық жалақысы *217 673 тенге*).

Функционалдық міндеттері:

-қадағалау қызметінің барлық бағыттары бойынша Басқарманың жұмысына жалпы басшылықты және бақылауды, Басқарма құзыретіне жататын Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының, облыс прокурорының бұйрықтары мен нұсқауларының, облыс прокуратурасының алқа шешімдері мен жұмыс жоспарларының, құқық қорғау органдарының Үйлестіру кеңесінің, Консультативтік кеңестің уақтылы орындалуын, атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

-жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының жазаларды орындау және өзге де мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану мәселелері бойынша қызметін үйлестіреді;

-жергілікті атқарушы және өкілді органдармен, соттармен, құқық қорғау және бақылаушы органдармен, ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларымен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді;

-жеке мәселелер бойынша азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады;

-кадрларды іріктеу және орналастыру, басқарма қызметкерлерін көтермелеу және тәртіптік жауапкершілікке тарту, қызметкерлерді кәсіби оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізеді;

-басқарма жұмысын ұйымдастыруды жетілдіру және оң тәжірибені тарату мәселелері бойынша облыс прокурорының жетекшілік ететін орынбасарының қарауына ұсыныстар енгізеді;

-облыс прокурорының бұйрықтары мен нұсқауларын, алқа отырыстарында, облыстың құқық қорғау органдарының Үйлестіру кеңесінде және кеңестерде қарау үшін материалдарды дайындауды қамтамасыз етеді;

-салалық Нұсқаулықтың 1-тармақтың 4-тармақшасына сәйкес Бас прокуратураға тиісті ақпаратты белгіленген мерзімдерге жібере отырып, қадағалаудың басым бағыты бойынша жұмысты қорытады;

-облыс прокуратурасы басшылығының басқа да тапсырмаларын орындайды;

Ішкі конкурсқа қатысуға өтініш конкурсты жариялаған прокуратура органының кадр қызметіне хабарландыру жарияланған кезден бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі. Өтінішке қоса беріледі:

1. жұмыстағы негізгі көрсеткіштерді және шынайы жетістіктерді көрсететін қызмет нәтижелері туралы тікелей басшы қол қойған анықтама,
2. қарамағындағы үміткерге берілген лауазымды тұлғаның ұсынымхаты.

Бас прокуратураның қызметкерлеріне – құрылымдық бөлімше басшысының не оның орынбасарының қойылған қолымен; облыс прокуратураларының және оларға теңестірілген прокуратуралардың, Академияның, ҚСЖАЕК-тің қызметкерлеріне - облыс прокурорының, Академия ректорының, ҚСЖАЕК төрағасының не олардың орынбасарларының қойылған қолымен қоса тіркеледі.

ҚР БП 25.09.2019ж. №118 бұйрығымен бекітілген, өтініштің және ұсыным хаттың нысандары Қазақстан Республикасының прокуратура органдары жүйесінің жоғарғы басшы лауазымына конкурс өткізу Қағидаларымен бекітілген (1, 2 - қосымшалар).

18.03.2020 жыл Мекен жайы: Көкшетау қаласы, Біржан Сал көшесі, 45, индекс 020000 (телефон/факс: 8 (7162) 25-05-93).

Қазақстан Республикасы
прокуратура органдары жүйесінің
жоғары тұрған басшы лауазымдарына
конкурс өткізу қағидаларына
1-қосымша

нысан

Ішкі конкурсқа қатысу үшін арыз

(лауазымның атауы)

бос лауазымға орналасу үшін ішкі конкурсқа қатысуға рұқсат сұраймын.

Қазақстан Республикасы прокуратура органдарында бос лауазымдарға орналасу үшін ішкі конкурс өткізу тәртібімен және шарттарымен таныстым, оларды орындауға келісемін және міндеттенемін.

Арызға келесі құжаттар қоса беріледі:

1. _____
2. _____
3. _____

Ұсынылған құжаттардың дұрыстығын растаймын.

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

« » _____ 20__ ж.

Байланыс телефоны/ электронды мекенжайы _____

Қазақстан Республикасы
прокуратура органдары жүйесінің
жоғары тұрған басшы лауазымдарына
конкурс өткізу қағидаларына
2-қосымша

нысан

**Ішкі конкурсқа қатысу үшін кандидатқа
ҰСЫНЫМХАТ**

(лауазымның атауы)

жарияланған бос лауазымға ішкі конкурсқа қатысу үшін _____
_____ ұсынамын *(кандидаттың*
тегі, аты, әкесінің аты, лауазымның атауы)

Кандидат мынадай қасиеттерге ие _____

(кандидаттың кәсіптік, іскерлік және жеке қасиеттері; көрсетілген қасиеттердің кандидатта бар екенін растайтын мысалдар)

Қосымша ақпарат:

Ұсынып отырған адамның

лауазымы

қойған қолы

Тегі, аты, әкесінің аты

(бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
прокуратура органдары жүйесінің
жоғары тұрған басшы лауазымдарына
конкурс өткізу қағидаларына

5-қосымша

Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге компьютерлік тестілеу бағдарламасы

Бағдарлама	Сұрақтар саны
<p>Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге тестілеу сұрақтары мыналарды қамтиды:</p> <p>Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (35 сұрақ)</p> <p>Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі (35 сұрақ),</p> <p>Қазақстан Республикасының Заңдары:</p> <p>«Прокуратура туралы» (25 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» (15 сұрақ), Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) (10 сұрақ).</p>	120

Қайнар: <http://m.prokuror.kz/kaz/contest/akmola-oblysynyn-prokuraturasy-bos-lauazymga-ishki-baykau-zhariyalaydy>